

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес бидай, асбұршақ және майбұршақ жасұнығын (тағамдық талшықтарды) сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 18 маусымдағы № 100 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Құрамында еритін және ерімейтін тағамдық талшықтар бар, химиялық тәсілдерді (мысалы сілтілік ағарту) және механикалық тәсілдерді (мысалы ұсақтау, елеу, іріктеу) қолдана отырып, бидайдың вегетативтік (сабак) бөлігінен алынған, тамақ өнеркәсібінің түрлі салаларында функционалдық қоспалар ретінде пайдаланылатын бидай жасұнығы (тағамдық талшықтар) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Тұсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 2106 тауар позициясында сыныпталады.

2. Құрамында еритін және ерімейтін тағамдық талшықтар бар, химиялық және физикалық тәсілдерді (мысалы қышқылдарды, сілтілерді қолдана отырып экстракциялау, декантациялау) және механикалық тәсілдерді (мысалы ұсақтау, елеу, іріктеу) қолдана отырып, ақуыз берін крахмалды жартылай жою арқылы асбұршақ түкімінан алынған, тамақ өнеркәсібінің түрлі салаларында функционалдық қоспалар ретінде пайдаланылатын асбұршақ жасұнығы (тағамдық талшықтар) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Тұсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 2106 тауар позициясында сыныпталады.

3. Құрамында еритін және ерімейтін тағамдық талшықтар бар, химиялық тәсілмен (мысалы қышқылдарды, сілтілерді қолдана отырып экстракциялау) кейіннен механикалық тәсілдерді (мысалы ұсақтау, елеу, іріктеу) қолдана отырып, одан ақуызды жартылай жою арқылы майбұршақтарды қайта өндеудің майсыздандырылған қалдығынан алынған, тамақ өнеркәсібінің түрлі салаларында функционалдық қоспалар ретінде пайдаланылатын майбұршақ жасұнығы (тағамдық талшықтар) сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Тұсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 2106 тауар позициясында сыныпталады.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК